

және есеп беретін, дәстүрлік рәсімдерді атқаруға қатысуға, күзетілетін адамдар мен аса маңызды мемлекеттік объектілердің, сондай-ақ күзетілетін адамдар болатын ғимараттардың, қызметтік жайлар мен оған іргелес аумақтардың және акваторияның, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін күзетілетін адамдарды тасымалдауға арналған әуе кемелерінің, құрлық пен су көлігінің және олардың тұрақ орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған арнаулы мемлекеттік орган.

Республикалық ұлан мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның нақтылы және шартты атауы, мөрі, мөртабандары, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес банктерде шоттары болады.

Республикалық ұланды қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

Республикалық ұлан арнаулы әскери құрама болып табылады".

2-бап. Республикалық ұлан қызметінің құқықтық негізі

Республикалық ұлан қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары құрайды".

6. 3-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

7. 4-бап 1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ күзетілетін адамдар болатын ғимараттарды, қызметтік жайлар мен оған іргелес аумақтарды және акваторияны, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін күзетілетін адамдарды тасымалдауға арналған әуе кемелерін, құрлық пен су көлігін және олардың тұрақ орындарын күзету;" ;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) өзінің құзіретінің шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу;".

8. 7-бап 1-тармақ 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын::

"2) ерікті негізде келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілерінің;".

9. 8-бап 2-тармағындағы "жүзеге асырылады" деген сөздерінің алды "және Республикалық ұланның бөлімшелерінде" деген сөздермен толықтырылсын".

10. 9-бап 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық ұланның Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін туы, нышаны, айырым белгілері және киім нысаны болады.".

11. 10-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ күзетілетін адамдар болатын ғимараттарды, қызметтік жайлар мен оған іргелес аумақтарды және акваторияны, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін күзетілетін адамдарды тасымалдауға арналған әуе кемелерін, құрлық пен су көлігін және олардың тұрақ орындарын (бұдан әрі - күзетілетін объектілер) күзету;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) "өзінің құзіретінің шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу;"

4) тармақшадағы "дипломатиялық және" деген сөздер алынып тасталсын;

12. 11-бап мынадай редакциядағы 3-тармақпен толықтырылсын;

"3. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің іс-әрекетіне жоғары тұрған командиріне және (немесе) сотқа белгіленген тәртіппен шағымдануға болады."

13. V тарауда "Республикалық ұланның мәжбүр ету шараларын, арнайы құралдарды, дене күшін және қаруды қолдануы. Жауынгерлік техниканы қолдану";

тақырыбында және 14 баптың тақырыбында "Республикалық ұланның" деген сөздері "Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын "

"ұланның" деген сөзі "ұлан" деген сөзбен ауыстырылсын".

1 4 . 1 4 - б а п т а :

2-тармақтағы "қару және арнайы құралдар" деген сөздер "жауынгерлік техника, қару және арнайы құралдар" деген сөздерімен ауыстырылсын";

"дереу" деген сөзі "24 сағат ішінде" деген сөзбен ауыстырылсын".

15. 15-бап 1 тармақшаның 2) және 4) тармақшаларында, 16-бап 1 тармақтың 2) тармақшасында, 19-бап 4 тармақтың, 20-бап 3 тармақтарындағы "Ұлан" деген сөз "Республикалық ұлан" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. 16-баптағы 4-тармақ алынып тасталсын.

17. VI тараудың Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы және оларды әлеуметтік қорғау атауындағы "және оларды әлеуметтік қорғау" деген сөздер ", әлеуметтік қорғалуы және олардың жауапкершілігі" деген сөздермен ауыстырылсын .

18. 17-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Республикалық ұлан әскери қызметшісінің саяси партияларда, кәсіптік одақтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің мүшелері болуға және оларға жақтасуға, сондай-ақ ереуілдерге қатысуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ . "

19. Мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

"18-2-бап. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің жауапкершілігі

Республикалық ұланның әскери қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны және тиісті орындамағаны және құқыққа қарсы іс-әрекет жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады".

20. 22-бапта "Қаржы министрлігі" деген сөздері "заңнамаларға сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК